

**М.О. Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтын А. Иассауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетінің құрамына енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 ақпан 1993 ж. N 138

Республикада жоғары оқу орындарының желісін жетілдіру университеттердің мамандар даярлаудағы ролін арттыру, жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық және кадр базасын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің М. О. Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтын А. Иассауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетінің құрамына енгізіп, оның заңдық әрі қаржылық дербестігін сақтау және бұдан былай А. Иассауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетінің М. О. Әуезов атындағы педагогика институты деп атау туралы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Шымкент педагогика институтының мәртебесі өзгеруіне байланысты барлық мәселелерді шешетін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі